

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 1-сі



УЕ-02-03-06
УНИВЕРСИТЕТТІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ЫНТАЛАНДЫРУҒА АРНАЛҒАН
АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯЛАР КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Түркістан, 2025

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ


ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:

Ғылыми-зерттеу орталығының басшысы



Т. Абдрасилов
«20» 03 2025 ж.

Академиялық даму бөлімінің басшысы



Г. Сыздыкова
«20» 03 2025 ж.

Тіркеу кеңсесінің басшысы



М. Тұрғанбек
«20» 03 2025 ж.

Дене шынықтыру және спорт мектебінің директоры



Б. Омаров
«20» 03 2025 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор



Л. Шалабаева
«20» 03 2025 ж.

Әлеуметтік даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-ректор




Б. Мырзаев
«20» 03 2025 ж.

Аппарат басшысы




Т. Исаков
«20» 03 2025 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAINT-қызметінің басшысы



Д. Бейсембаева
«20» 03 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы




К. Тубеков
«20» 03 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы (заңгер)



Е. Тасов
«20» 03 2025 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



Ж. Сейткулова
«20» 03 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	4
2. Нормативті сілтемелер	4
3. Қысқартулар	4
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5. Конкурстың мақсаты мен міндеттері	4
6. Конкурсқа қатысушылар	5
7. Конкурсты ұйымдастыру	5
8. Конкурс номинациялары	5
9. Конкурсты өткізу тәртібі	6
10. Өзгерістерді енгізу тәртібі	6
11. Келісу, сақтау және тарату	7
12. Өзгерістерді тіркеу парағы	8
13. Танысу парағы	9
Қосымша 1	10
Қосымша 2	11

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бірыңғай білім беру процесінің құрамдас бөлігі ретінде «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) академиялық, ғылым, спорт бағытында білікті мамандарды даярлаудың міндетті, ажырамас бөлігі болып табылады.

1.2 Осы Ереже конкурстың мақсаты мен міндеттерін, Университеттің білім алушылары үшін өткізілетін конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарды айқындайды.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Университеттің осы Ережесінде көрсетілген нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №103 «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңы;
- «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы;
- «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Жарғысы.

3. ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылды:

Университет – «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

Ереже – Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланады және бекітіледі.

4.2 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуына, ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына Академиялық даму бөлімі, Тіркеу кеңсесі, Ғылыми-зерттеу орталығы, Дене шынықтыру және спорт мектебі жауапты болып табылады.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының сапалы орындалуын Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор бақылайды.

5. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1 Конкурстың мақсаты – Университеттің білім алушыларының академиялық, ғылым және спорт бағытындағы ерекше жетістіктерін анықтау және қолдау болып табылады.

5.2 Міндеттері:

– Университеттің білім алушыларының әлеуетін ашу, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру үшін жағдай жасау;

– Білім алушылардың кәсіби құзыреттер шеңберін кеңейту, білім беру бағдарламасы бойынша дағдыларды жетілдіру және өзіндік жұмыс пен кәсіби ойлауды дамыту;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 5-сі

– Білім алушылардың академиялық, ғылым және спорт бағытындағы бастамаларына ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдау көрсету.

6. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

6.1 Конкурсқа академиялық, ғылым және спорт бағытында жоғары жетістікке жеткен, ағымдағы оқу жылының соңғы 3 аралық аттестаттау қорытындысы бойынша «өте жақсы» және «жақсы» бағалары бар білім алушылар қатыса алады.

6.2 Конкурсқа барлық оқу кезеңіндегі жетістіктері бойынша Университеттің 1 және 2 курс білім алушылары ғана қатыса алады.

6.3 Конкурсқа қатысатын білім алушылардың әрқайсысы ұсынылған номинациялардың кез келгеніне қатыса алады.

7. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСЫРУ

7.1 Конкурсты ұйымдастыру және қорытындылау үшін Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректор бұйрығымен Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор, Әлеуметтік және халықаралық қатынастар жөніндегі вице-ректор қатысуымен арнайы комиссия құрамы бекітіледі.

7.2 Конкурстық комиссия төрағасы Басқарма Төрағасы – Ректор болып табылады.

7.3 Конкурстық комиссия жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету Конкурстық комиссия хатшысына жүктеледі.

7.4 Конкурстық комиссия отырысына комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса заңды күші бар болып табылады.

7.5 Конкурс жылына 1 рет маусым айында ұйымдастырылады.

7.6 Функциялары:

- конкурсқа жалпы басшылықты жүзеге асыру;
- конкурсты өткізу кезінде әкімшілік, техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- конкурсты ақпараттық сүйемелдеуді іске асыру;
- конкурсқа қатысушылардың құжаттарын жинауды және қарауды жүзеге асыру, әр номинация бойынша жеңімпаздарды анықтау;
- конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастыру.

8. КОНКУРС НОМИНАЦИЯЛАРЫ

8.1 «Сұлтанбек Қожанов атындағы стипендия» номинациясы:

Университеттің білім алушылары пәндік олимпиадалардың, конкурстардың қатысушылары мен жеңімпаздары, ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлыққа қатысуы, шет тілін меңгеру деңгейі сияқты академиялық жетістіктері үшін марапатталады.

8.2 «Рахманкүл Бердібай атындағы стипендия» номинациясы:

Университеттің білім алушылары ғылыми конкурстардың, конференциялар мен форумдардың қатысушылары мен жеңімпаздары, ғылыми жарияланымдары бар Университеттегі және одан тыс жерлердегі ғылыми зерттеулердің қатысушылары мен жеңімпаздары, ғылыми-техникалық, стартап жобаларға қатысу немесе орындаушысы болу (гранттар, сыйлықақылар және т.б.) сияқты ерекше жетістіктері үшін марапатталады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 6-сі

8.3 «Бекзат Саттарханов атындағы стипендия» номинациясы:

- Үміткердің шұғылданатын спорт түрі Олимпиадалық немесе ұлттық спорт түрлері болуы шарт;
- Қазақстан Республикасы чемпионатының жеңімпазы немесе жүлдегері;
- Қазақстан Республикасының Универсиадасында жеңімпазы немесе жүлдегері;
- Дүниежүзілік жазғы Универсиаданың жеңімпазы немесе жүлдегері;
- Азия жеңімпазы немесе жүлдегері;
- Әлем жеңімпазы немесе жүлдегері;
- Азия ойындарының жеңімпазы немесе жүлдегері;
- Олимпиада ойындарының жеңімпазы немесе жүлдегері;
- Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткері;
- Қазақстан Республикасының спорт шебері;
- Қазақстан Республикасының Халықаралық дәрежедегі спорт шебері;
- Соңғы бір оқу жылында спорттық жетістіктерін растайтын дипломының болуы.

9. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Құжаттарды жинауды конкурсқа жауапты құрылымдық бөлімдер (Тіркеу кеңсесі, Ғылыми-зерттеу орталығы) және мектептер (Туризм, Қонақжайлылық, Дене шынықтыру және спорт) жүзеге асырады.

9.2 Конкурстың әрбір қатысушысы белгілеген мерзімде келесі құжаттарды баспа және электронды түрде ұсынады:

- өтінім (1 қосымша);
- қатысушылардың жетістіктері мен наградаларын растайтын құжаттардың көшірмелерін қамтитын үлгі бойынша қатысушының портфолиосы (2 қосымша);
- транскрипт.

9.3 Комиссия құрамы әр номинацияда ұсынылған бағалау критерийлеріне сәйкес келіп түскен өтінімдер мен портфолиоға бағалау жүргізеді және үш номинацияның әрқайсысы бойынша бір білім алушыдан жеңімпаз таңдалады.

9.4 Басымдыққа ие болатындар:

Жеңімпазды анықтау кезінде алдымен үміткердің жетістіктері ескеріледі. Егер екі үміткердің ұпайы тең болса, келесі талаптарға сай үміткерлерге басымдық беріледі:

- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар;
- әлеуметтік аз қамтылған білім алушылар.

9.5 Әр номинация бойынша конкурс жеңімпазына бір оқу жылына (10 ай) 100 000 (жүз мың) теңге арнайы стипендия тағайындалады.

10. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

10.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-реktorдың ұсынысы негізінде Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

10.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 7-сі

11. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

11.1 Осы ережені өзгерту, толықтыру және жою туралы шешімді Басқарма Төрағасы – Ректор белгіленген тәртіппен қабылдайды.

11.2 Осы Ереженің жұмыс данасы Ғылыми зерттеу орталығында, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақталады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 9-сі

13. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 10-сі

ҚОСЫМША 1

Конкурсқа қатысатын білім алушының өтінімі

1	Аты-жөні	
2	Туған күні, айы, жылы	
3	Мектеп атауы	
4	Білім беру бағдарламасы	
5	Курсы	
6	Тобы	
7	Номинация атауы	
8	Байланыс телефоны	
9	E-mail	
10	Дербес деректерді өңдеуге келісемін	ҚОЛЫ

Ескерту: Бұл құжат баспаға шығарылып ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 11-сі

ҚОСЫМША 2

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫНЫҢ ПОРТФОЛИОСЫ

«Сұлтанбек Қожанов атындағы стипендия» номинациясы

№	Көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	Балы	Растайтын құжаттары
1	Ағымдағы оқу жылының соңғы 3 аралық аттестаттаудан бағалау көрсеткіші «өте жақсы», «жақсы» болуы және барлық оқу кезеңінде қарыз және қайта тапсыру болмауы қажет GPA 3 -3,79 GPA 3,8-4	-	15 20	Транскрипт
2	Оқудың барлық кезеңінде тәртіп бұзушылықтың болмауы	-	5	Мектептен анықтама
3	Пәндік олимпиадаларға қатысу және өзге де білім беру қызметіне байланысты іс-шараларға қатысуы: Халықаралық (алыс шетел)	1 диплом	20	Диплом, Сертификат немесе қатысқанын растайтын құжаттардың болуы
	Халықаралық (жақын шетел)	1 диплом	15	
	Республикалық	1 диплом	10	
	Облыстық	1 диплом	7	
	Қалалық	1 диплом	4	
	Басқада (университетішілік)	1 диплом	3	
4	Алғыс хаттар Республикалық	1 алғыс хат	30	Алғыс хат көшірмесі
	Облыстық	1 алғыс хат	25	
	Қалалық	1 алғыс хат	15	
	Басқада (университетішілік)	1 алғыс хат	15	
5	Ішкі академиялық ұтқырлыққа қатысу	1 рет	10	Бұйрық көшірмесі
	Сыртқы академиялық ұтқырлыққа қатысу	1 рет	15	
6	Шет тілін білу (IELTS 5.0-5.5), халықаралық расталған тіл сертификаты	1	10	Сертификат көшірмесі
7	Шет тілін білу (IELTS 6.0 және одан жоғары), халықаралық расталған тіл сертификаты	1	20	
8	Шет тілін білу (YUNUS EMRE B2 және одан жоғары, TOEFL), халықаралық расталған тіл сертификаты	1	15	
Жалпы максималды балы			300	

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 12-сі

«Рахманқұл Бердібай атындағы стипендия» номинациясы

№	Көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	Балы	Растайтын құжаттары
1	Жарияланымдар: Шетелдік ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар	1 мақала	30	Басылымның титул беті, мазмұны, мақала жарияланған тиісті беттерінің көшірмелері
	Отандық ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар	1 мақала	25	
	Шетелдік конференция жинақтарында жарияланған мақалалар	1 мақала	20	
	Отандық конференция жинақтарында жарияланған мақалалар	1 мақала	15	
2	Конференциялардағы марапаттар: үздік баяндама үшін дипломдар (I, II, III орын): Халықаралық (алыс шетел)	1 диплом	30	Диплом, Сертификат немесе қатысқанын растайтын құжаттардың болуы
	Халықаралық (жақын шетел)	1 диплом	25	
	Республикалық	1 диплом	20	
	Басқада (университетішілік)	1 диплом	10	
3	Ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыру конкурстарына қатысу (гранттар, сыйлықақылар және т.б.)	1 конкурс	30	Өтінім көшірмесі
4	Стартап жобаларға, оның ішінде инновациялық жобаларға қатысып, жүлделі орын алу	1 конкурс	25	Растайтын құжат көшірмесі
5	Әр түрлі ұйымдар мен қорлар құрған мемлекеттік және атаулы стипендияларға қатысып, жеңімпаз атану	1 конкурс	20	
6	Университеттің алқалы органдарына мүше болу		20	Бұйрық көшірмесі
Жалпы максималды балы			400	

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің білім алушыларын ынталандыруға арналған атаулы стипендиялар конкурсы туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	13 беттің 13-сі

«Бекзат Саттарханов атындағы стипендия» номинациясы

№	Көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	Балы	Растайтын құжаттары
1	Қазақстан Республикасы чемпионатында: I орын II орын III орын	1 диплом	10 5 3	Диплом көшірмелері
2	Қазақстан Республикасының Универсиадасында: I орын II орын III орын	1 диплом	10 5 3	Диплом көшірмелері
3	Дүниежүзілік Универсиадада: I орын II орын III орын	1 диплом	15 10 5	Диплом көшірмелері
4	Азия жарысында: I орын II орын III орын	1 диплом	15 10 5	Диплом көшірмелері
5	Әлемдік деңгейдегі жарыста: I орын II орын III орын	1 диплом	20 15 10	Диплом көшірмелері
6	Азия ойындарында: I орын II орын III орын	1 диплом	30 25 20	Диплом көшірмелері
7	Олимпиада ойындарында: I орын II орын III орын	1 диплом	40 35 30	Диплом көшірмелері
8	Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер	1 диплом	5	Диплом көшірмелері
9	Қазақстан Республикасының спорт шебері	1 диплом	10	
10	Қазақстан Республикасының Халықаралық дәрежедегі спорт шебері	1 диплом	20	
Жалпы максималды балы			400	

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.